



2022 ж. 15 наурыз № 511-1790

Нұр-Сұлтан қаласы

2022 ж. 15 наурыз № 192/26-VII

город Нур-Султан

**Нұр-Сұлтан қаласының
кейбір білім беру ұйымдарына
атау беру туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 13-бабының 4) тармағына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Нұр-Сұлтан қаласының мынадай білім беру ұйымдарына:
 - 1) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 1 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына Талғат Бигелдиновтің есімін;
 - 2) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 70 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына Темірбек Жүргеновтің есімін;
 - 3) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 92 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына Ақжан Әл-Машанидің есімін;
 - 4) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 65 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Мағжан Жұмабаевтың есімін;
 - 5) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 88 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Қадыр Мырза Әлінің есімін;
 - 6) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 1 өнер мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына Тәттімбеттің есімін беру туралы ұсыныстар мақұлданын.

2. Осы бірлескен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қаулысы және Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Республикалық ономастикалық комиссиясының қарауына енгізілсін.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі




А. Көлтінов

Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы




Е. Канагимов